

БЕКІТІЛГЕН  
«Парасат» заң консультанттары  
палатасының Жалғыз құрылтайшысының  
2025 жылғы 02 желтоқсандағы № 1 шешімімен

**ЖАРҒЫ**  
**«Парасат»**  
**заң консультанттарының палатасы**

Өтеген батыр кенті  
2025 жыл

## 1-бөлім. Жалпы ережелер

1. Заң консультанттары палатасы (бұдан әрі – Палата) – міндетті мүшелікке негізделген, заң көмегін көрсету қызметін реттеу және өз мүшелерінің Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, Палата қағидалары мен стандарттарының, Кәсіби этика кодексінің талаптарын сақтауын бақылау мақсатында құрылған, заң консультанттары палаталарының тізіліміне енгізілген, құрамында кемінде елу заң консультанты бар өзін-өзі реттейтін ұйым болып табылады.

2. Палата коммерциялық емес ұйым болып табылады, меншігінде немесе жедел басқаруында оқшауланған мүлкі бар; дербес балансы немесе сметасы болады; заңнамада белгіленген тәртіппен банктерде шоттар аша алады; мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарға ие бола алады және оларды жүзеге асырады; мемлекеттік және орыс тілінде толық атауы бар мөрі, штаптары және бланкілері, сондай-ақ белгіленген тәртіппен тіркелген эмблемасы (нышаны) болады; сотта талапкер және жауапкер бола алады.

3. Палата өз қызметінде заңдылық, тең құқықтылық пен мүшелердің ерікті ерік білдіруі, жариялылық, өзін-өзі басқару және өзін-өзі қаржыландыру қағидаттарымен басшылыққа алады.

4. Палата өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасы заңдарын және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, сондай-ақ осы Жарғыны басшылыққа алады.

5. Палатаның толық атауы:

— мемлекеттік тілде: «Парасат»

— орыс тілінде: «Парасат».

6. Палатаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кенті, Өтеген батыр ауылы, Заманбек Батталханов көшесі, №7 «В» ғимарат.

## 2-бөлім. Палатаның мақсаттары мен негізгі қызмет түрлері

7. Палатаның мақсаты және негізгі қызмет түрі – жеке және заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында заң көмегін көрсету.

8. Палатаның функциялары:

1) кәсіби мінез-құлық қағидаларын және Кәсіби этика кодексін белгілейді;

2) Палатаға қабылдау қағидалары мен шарттарын белгілейді;

3) уәкілетті органмен келісу арқылы заң көмегін көрсету стандарттарын, заң көмегінің сапасына қойылатын критерийлерді белгілейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

4) өз интернет-ресурсында Палата мүшелері көрсеткен заң қызметтерінің орташа құны туралы жиынтық-талдамалық ақпаратты кемінде жылына бір рет орналастыруды қамтамасыз етеді;

5) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету көлемі мен тәртібін белгілейді;

6) Палата мүшелерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз етеді;

7) Палата мүшелеріне ақпараттық және әдістемелік қолдау ұйымдастырады;

8) өз мүшелерінің мүдделерін мемлекеттік органдарда, мемлекеттік емес ұйымдарда, соның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдарда ұсынады;

9) Палата мүшелерінің заңнаманы, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарын, Кәсіби этика кодексін сақтауын бақылауды жүзеге асырады;

10) заңнаманы, заң көмегін көрсету стандарттарын, этика кодексін бұзғаны үшін Палата мүшелерін жауапкершілікке тарту мәселелерін қарайды;

11) орта білімнен кейінгі және жоғары заң білімі бар түлектердің кәсіптік тәжірибеден өтуін ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

12) тәжірибені жалпылап, заң көмегін жетілдіру жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

13) Палата мүшелерінің тізілімін жүргізеді;

14) заңда және осы Жарғыда көзделген өзге де функцияларды орындайды.

9. Палата кәсіпкерлік қызметті тек өзінің жарғылық мақсаттарына сай болған жағдайда ғана жүзеге асырады.

10. Палата өз қызметін үйлестіру, сондай-ақ мүдделерін ұсыну және қорғау үшін қауымдастықтар құра алады.

### **3-бөлім. Палатаның құқықтары мен міндеттері**

11. Палата құқылы:

1) өз мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін білдіруге және қорғауға, сондай-ақ олардың өтініштері бойынша мемлекеттік органдармен, физикалық және заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынаста өкіл болуға;

2) Палата мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын нормативтік құқықтық актілер бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, мемлекеттік құпиялар мен заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қоспағанда, Палатаның функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты орталық және жергілікті мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан алуға;

4) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды және мемлекеттік қызметшілердің сотпен даулануға жататын шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сот тәртібімен шағым жасауға;

5) сот және сотқа дейінгі дауларды, оның ішінде арбитражда қаралатын дауларды шешуге қатысуға;

- 6) өзінің жұмысын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға;
- 7) Палата мүшелері үшін кәсіби оқыту мен қайта даярлау іс-шараларын ұйымдастыруға;
- 8) Палатаның ішкі қағидалары мен стандарттарын бекітуге;
- 9) Палата мүшелерінің заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының талаптарын сақтауын, Палата мүшелігі шарттарын орындауын бақылауға;
- 10) Қазақстан Республикасының заңдарына және Палатаның жарғысына сәйкес өз мүшелеріне қатысты ықпал ету шараларын қолдануға.

12. Палата міндетті:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Палатаның Жарғысын, сондай-ақ өзінің қабылдаған қағидалары мен стандарттарын сақтауға;
- 2) өз өкілеттіктері шегінде жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу жөнінде шаралар қабылдауға;
- 3) Палата мүшелерінің құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;
- 4) Палатаға келіп түскен және жұмсалған ақшалай қаражат туралы мүшелерін хабардар етуге;
- 5) Палата қызметінің және оның мүшелерінің қызметінің ақпараттық айқындығын қамтамасыз етуге;
- 6) міндетті мүшелікке негізделген заң көмегі мәселелері бойынша әзірленетін қағидалар мен стандарттарды уәкілетті және реттеуші мемлекеттік органмен келісуге;
- 7) Палата мүшелерінің қызметін олардың есептері негізінде талдауды жүзеге асыруға және Қазақстан Республикасының заңдарына, Палата Жарғысына немесе жалпы жиналыс бекіткен басқа құжаттарға сәйкес реттеуші мемлекеттік органдарға тапсыруға;
- 8) Палата мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарын бұзуы туралы, сондай-ақ қолданылған шаралар туралы реттеуші мемлекеттік органға белгіленген тәртіппен хабарлауға;
- 9) Уәкілетті органға квартал сайын Палата мүшелерін қабылдау, мүшелікті тоқтату және шығару туралы ақпарат беруге.

13. Палатаның штаттық қызметкерлеріне жұмыс, әлеуметтік сақтандыру және әлеуметтік қамтамасыз ету туралы заңнама қолданылады.

**4-бөлім. Палатадағы мүшелік, мүшелікке қабылдау және тоқтату тәртібі**

14. Палатаға мүшелік осы Жарғыда белгіленген талаптарды сақтай отырып жүзеге асырылады.

15. Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық істер бойынша өкілдігі түрінде заң көмегін көрсететін тұлғалар үшін Палатаға мүшелік міндетті болып табылады.

16. Палата мүшесі – жоғары заң білімі бар, кемінде екі жыл заңгерлік мамандық бойынша жұмыс өтілі бар, белгіленген тәртіппен аттестациядан өткен және заң көмегін көрсететін жеке тұлға.

17. Палата заң консультанттары үшін қосымша талаптар белгілеуге құқылы.

18. Аттестация Қазақстан Республикасының заңнамасын білу бойынша кешенді тестілеу нысанында өткізіледі. Аттестацияны өткізу тәртібі мен шарттарын Палата уәкілетті органмен келісу арқылы айқындайды.

19. Палатаға мүшелікке қабылдау Палатаның атқарушы органына жеке жазбаша өтініш беру арқылы рәсімделеді. Өтініште тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, сондай-ақ егер өтініш беруші заңды тұлғамен еңбек қатынастарында болса, онда заңды тұлғаның атауы мен мекен-жайы көрсетіледі.

20. Палатаға қабылдау үшін үміткер мына құжаттарды тапсырады:

1) жоғары заң білімі туралы құжат;

2) өтелмеген немесе алынбаған соттылығының жоқтығы туралы анықтама;

3) кемінде екі жылдық заң мамандығы бойынша жұмыс өтілін растайтын құжаттар;

4) аттестация нәтижелері.

21. Палатаға мүшелікке қабылдау туралы шешімді Палатаның алқалық басқару органы қабылдайды.

22. Палатадан шығу – ерікті, жазбаша өтініш негізінде жүзеге асырылады.

23. Мүшелікті тоқтату мына жағдайларда жүргізіледі:

1) Палата мүшесі болып табылатын азаматтың қайтыс болуы, сот тәртібімен қайтыс болды деп жариялануы немесе хабар-ошарсыз кетті деп танылуы;

2) Палатаның таратылуы;

3) Палатаны заң консультанттарының тізілімінен шығару туралы сот шешімі заңды күшіне енген кезде.

24. Палата мүшесі Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасының, заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарының, Кәсіби этика кодексінің талаптарын, сондай-ақ осы Жарғы талаптарын бұзғаны үшін шығарылады.

25. Палата мүшелерінің құқықтары тең, міндеттері бірдей.

26. Палата өз мүшелерінің Палатаға тапсырған мүлкіне, оның ішінде мүшелік жарналарға құқық бермейді. Мүшелер Палатаның міндеттемелері бойынша жауапты болмайды, ал Палата өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, егер Қазақстан Республикасының өзін-өзі реттеу туралы заңнамасында өзгеше көзделмесе.

27. Палата мүшелерінің құқықтары:

1) заң көмегіне жүгінген тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін соттарда, мемлекеттік және басқа да органдарда және ұйымдарда қорғау және білдіру;

2) мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында және заңды тұлғаларда заң көмегін көрсету үшін қажетті мәліметтерді сұрату және алу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және шектерде заң көмегін көрсету үшін қажетті фактілік деректерді дербес жинау және оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға ұсыну;

4) заң көмегіне жүгінген тұлғаға қатысты материалдармен, процессуалдық құжаттармен, сот істерімен танысу және олардағы ақпаратты заңда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен бекіту;

5) арнайы білімді қажет ететін мәселелер бойынша мамандардың қорытындыларын шарт негізінде сұрату;

6) ықтимал құқық бұзушылықтарға байланысты мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдардың және мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдар беру;

7) заңда тыйым салынбаған тәсілдер мен құралдарды пайдаланып клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

8) татуластыру рәсімдерін жүргізу;

9) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсету;

10) Палата қызметі мәселелері бойынша жалпы жиналысқа қатысу арқылы ұсыныстар енгізу;

11) Палата органдарына сайлау және сайлану;

12) Палата қызметі туралы ақпарат алу;

13) Палата іс-шараларына қатысу;

14) Палата қызметін ұйымдастыруға қосымша құралдар енгізу және әдістемелік көмек көрсету.

28. Палата мүшелерінің міндеттері:

1. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы заңнамасын, сондай-ақ Палатаның заң көмегін көрсету қағидалары мен стандарттарын сақтау;

2. Палата белгілеген Кәсіби этика кодексінің талаптарын сақтау және Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңымен белгіленген жарналарды төлеу;

3. кәсіби қызметінде заң көмегі қағидаттарын басшылыққа алу;

4. сотта өкілдік ету үшін бір Палатада ғана мүшелік ету;

5. заң көмегін көрсетуге кедергі жасайтын жағдайлар туындаған кезде бұл туралы клиентке дереу хабарлау;

6. заң көмегін көрсету кезінде клиенттен және үшінші тұлғалардан алынған құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

7. талап ету бойынша клиентке заң консультантының кәсіби жауапкершілігін сақтандыру шартының көшірмесін беру;

8. талап ету бойынша Палатаның мүшелер тізілімінен үзінді көшірме беру;

9. клиентпен құпия ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасасу (егер клиент қарсы болмаса);

10. клиенттің құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында заңда тыйым салынбаған барлық іс-әрекеттерді орындау;

11. заң көмегін көрсету аяқталған күннен бастап үш жыл ішінде құжаттардың көшірмелерін сақтау;

12. өзінің кәсіби біліктілігін тұрақты түрде арттыру;

13. кәсіби жауапкершілігін сақтандыру.

**5-бөлім. Палата басқару органдарының қалыптасу тәртібі, өкілеттігі және өкілеттік мерзімдері**

28. Палатаның басқару және бақылау органдары:

1. Жоғарғы басқару органы — Палата мүшелерінің жалпы жиналысы;

2. Алқалық басқару органы — Басқарма;

3. Атқарушы басқару органы — Палата Төрағасы;

4. Бақылау органы — Тексеру комиссиясы.

29. Басқару және бақылау органдары Палатаның орналасқан жерінде қызмет етеді.

30. Жалпы жиналыстар жыл сайынғы және кезектен тыс болып бөлінеді.

31. Жалпы жиналыстың өткізілу уақыты, орны және күн тәртібінің мәселелері атқарушы органмен айқындалады.

32. Кезекті жалпы жиналыс жыл сайын Палата Төрағасымен шақырылады.

33. Төраға жиналыстың өткізілу күні, орны және күн тәртібі туралы Палата мүшелерін жиналысқа дейін 10 күн бұрын хабардар етеді.

34. Жалпы жиналыс Палата мүшелерінің кемінде үштен бірі қатысқанда құқылы деп танылады.

35. Қатысушылар саны жеткіліксіз болса, жалпы жиналыс қайта шақырылады. Қайта шақырылған жиналыс қатысушылар санына қарамастан құқылы деп танылады.

36. Қайта жиналыстың күн тәртібі бұрынғы жиналыспен бірдей болуы тиіс.

37. Жалпы жиналыста шешімдер қатысушылардың жай көпшілік даусымен қабылданады.

38. Әрбір Палата мүшесі бір дауысқа ие.

39. Кезектен тыс жиналыс Төрағаның, Басқарманың немесе Палата мүшелерінің 1/3-інің талабы бойынша шақырылады.

40. Жалпы жиналыстың айрықша құзыреті:

1. Жарғыны қабылдау, өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2. Палата қағидалары мен стандарттарын бекіту және өзгерту;

3. Арнайы органдарды құру, олардың қызмет қағидаларын бекіту;

4. Төрағаны және Басқарма мүшелерін сайлау және өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;

5. Атқарушы органды құру және тарату;

6. Тексеру комиссиясын сайлау;

7. Дисциплинарлық комиссия ережесін бекіту;

8. Палата мүшелеріне әсер ету шараларын, тәртібін және қолдану негіздерін бекіту;

9. Палатаның басым бағыттарын айқындау;

10. Басқарма, Атқарушы орган және Тексеру комиссиясының есептерін бекіту;

11. Бюджетті бекіту және өзгерту;

12. Палатаны қайта ұйымдастыру немесе тарату;

13. Палата мүшелерін шығару туралы шағымдарды қарау;
14. Палатаның ережелері мен стандарттарын бекіту
15. Аудиторлық ұйымды тағайындау;
16. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де мәселелерді шешу.
41. Жалпы жиналыс Палатаның кез келген мәселесін қарастыруға құқылы.
42. Палата Басқармасы— кемінде үш адамнан тұратын алқалық орган, Палата мүшелерінің жалпы жиналысымен үш жыл мерзімге сайланады. Шешімдер жай көпшілік даусымен қабылданады. Әрбір Басқарма мүшесі бір дауысқа ие.
43. Басқарманың құзыреті:
  1. Палатаның атқарушы органының қызметіне тексерулер жүргізу туралы шешім қабылдау;
  2. Атқарушы орган басшысын тағайындауға немесе қызметтен босатуға кандидатураларды жалпы жиналысқа ұсыну;
  3. Арбитражға қатысушылар таңдай алатын арбитрлер тізімін бекіту;
  4. Заң консультанттарының кәсіби даярлығы мен біліктілігін арттыру тәртібі мен нысандарын айқындайтын ережелерді бекіту;
  5. Қазақстан Республикасының заңдары мен Палата Жарғысында көзделген негіздер бойынша Палатаға мүшелікке қабылдау немесе мүшеліктен шығару туралы шешім қабылдау.
44. Палата Төрағасы — Палатаның ең жоғары лауазымды тұлғасы, атқарушы органды басқарады және оның қызметіне қаржылық жыл бойы жеке жауапты. Төраға Палата мүшелеріне есеп береді және жалпы жиналыс шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады. Төраға тек Палата мүшелерінің арасынан сайланады. Төрағамен еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес реттеледі. Төраға жалпы жиналыспен үш жыл мерзімге сайланады және дәл сол мерзімге қайта сайлануға бір рет құқылы.
45. Атқарушы органның құзыреті
  1. жылдық кіріс-шығыс сметасын, есептерді дайындау, Палатаның шаруашылық қызметінің жедел, статистикалық және бухгалтерлік есебін жүргізу;
  2. жалпы жиналыстың өткізілу орны мен уақытын айқындау;
  3. жалпы жиналыс шешімдерінің орындалуын ұйымдастыру және бақылау;
  4. бекітілген смета шегінде Палата қаражатына билік ету;
  5. осы Жарғыда жалпы жиналыс құзыретіне жатқызылмаған өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.
46. Атқарушы орган құқылы:
  1. Палатаның мүдделерін барлық мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және кәсіпорындарда білдіру;
  2. Палата атынан сенімхатсыз әрекет ету;
  3. сенімхаттар беру;
  4. банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар ашу;
  5. шарттар, келісімдер, келісімшарттар жасау және бұзу, оның ішінде еңбек шарттары;

6. қызметкерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан босату, еңбекақы жүйесін айқындау, лауазымдық айлықақыларды және жеке үстемеақыларды белгілеу, көтермелеу және тәртіптік жазалар қолдану;

7. өзінің өкілеттігін тоқтататыны туралы жалпы жиналысқа бір ай бұрын хабарлап, кез келген уақытта Палата Төрағасы міндеттерін алдын ала тоқтатуға.

47. Палатаның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылау жасауды Палата мүшелерінің жалпы жиналысымен үш жыл мерзімге сайланатын Тексеру комиссиясы жүзеге асырады.

48. Төрағаны және Тексеру комиссиясының құрамын қайта сайлау Палата мүшелерінің ұсынысы бойынша кез келген жиналыста өткізілуі мүмкін.

49. Тексеру комиссиясы Палатаның лауазымды тұлғаларынан бухгалтерлік, қаржылық және өзге де қажетті құжаттарды, сондай-ақ олардың қызметіне қатысты жеке түсініктемелерді талап етуге құқылы.

50. Қаржылық жыл — күнтізбелік жылдың 1 қаңтарынан 31 желтоқсанына дейін. Бухгалтерлік есеп және есептілік Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

51. Тексеру комиссиясының талабы бойынша кезектен тыс жалпы жиналыс шақырылуы мүмкін.

#### **6-бөлім. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі**

52. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жалпы жиналыстың айрықша құзыреті болып табылады.

53. Жарғыға өзгерістер енгізу туралы ұсыныстарды жалпы жиналысқа Палатаның Басқармасы немесе Палата мүшелерінің кемінде 1/3-і енгізе алады.

54. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар жалпы жиналыста қатысушылардың төрттен үшіннің көпшілік дауысымен қабылданады.

#### **7-бөлім. Қаражат пен мүліктің қалыптасу көздері**

55. Палата Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік мақсатта ғимараттарды, құрылыстарды, жабдықтарды, инвентарларды, ақшалай қаражатты және өзге де қажетті мүлікті меншігінде немесе пайдалануында ұстай алады.

56. Палатаға және оның құрылымдық бөлімшелеріне берілген мүлік Палатаның меншігі болып табылады. Палата мүшелері Палатаның мүлкіне қатысты құқықтарға ие емес. Мүшелері Палатаның міндеттемелері бойынша жауапты емес, Палата да өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

57. Палата мүлкінің көздері:

1. Палата мүшелерінің міндетті жарналары;
2. ерікті мүліктік жарналар мен қайырымдылық көмек;
3. Палатаның кәсіпкерлік немесе кәсіби мүдделеріне байланысты білім беру қызметтерінен түскен қаражат;
4. Палата мүшелерінің кәсіби және кәсіпкерлік мүдделеріне қатысты ақпараттық материалдарды сатудан түскен қаражат;
5. заңмен тыйым салынбаған өзге де түсімдер.

58. Палатада жыл сайынғы мүшелік жарналар белгіленеді. Жылдық жарна мөлшері қаржылық жылға арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленген айлық есептік көрсеткіштің он бес еселенгеннен кем емес және жетпіс бес еселенгеннен көп емес мөлшерінде белгіленеді. Жарналардың мақсатты пайдаланылуы және түскен қаражат туралы ақпарат жыл сайынғы есептік жиналыстарда хабарланады.

59. Палатаның ақшалай қаражаты Палата мүшелері арасында қайта бөлінбейді және тек жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

#### **8-бөлім. Палатаны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі**

60. Палатаны қайта ұйымдастыру (біріктіру, қосу, бөлу, бөлу арқылы шығару, қайта құру) жалпы жиналыстың шешімімен немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда соттың шешімімен жүзеге асырылады. Қайта ұйымдастыру Палатаның құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мирасқорларға ауысуын көздейді.

61. Палатаны тарату:

1. Палатаның жалпы жиналысының шешімі бойынша;

2. соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

62. Тарату туралы шешім қайта ұйымдастыру туралы шешіммен бірдей тәртіппен қабылданады.

63. Палатаны тарату жалпы жиналыс немесе сот тағайындаған тарату комиссиясымен жүргізіледі. Тарату комиссиясы Палатаның мүлкін бағалайды, дебиторлар мен кредиторларды анықтайды, Палатаның үшінші тұлғалар алдындағы қарыздарын өтейді, тарату балансын жасайды және оны Палата мүшелерінің жалпы жиналысына ұсынады. Тарату комиссиясы таратылатын заңды тұлға атынан сотта өкілдік етеді.

64. Палатаны тарату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

65. Міндетті мүшелікке негізделген Палата таратылған жағдайда, оның мүшелері үш ай ішінде кіру жарнасын төлеместен міндетті мүшелікке негізделген басқа Палатаға кіруге міндетті.

66. Таратылған Палатаның несие берушілермен есеп айырысқаннан кейін қалған мүлкі осы Жарғыда көрсетілген мақсаттарға беріледі.

67. Палатаны тарату туралы жазба Қазақстан Республикасының Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін Палатаның таратылуы аяқталды деп есептеледі.

**Палата Төрағасы:**

